

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 808 және 2006 жылғы 30 маусымдағы N 626 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қыркүйектегі N 820 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Авариялық-құтқару қызметтерін, құрамаларын және құтқарушыларды аттестаттаудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 808 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 22, 274-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Авариялық-құтқару қызметтерін, құрамаларын және құтқарушыларды аттестаттау ережесінде: мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. АҚҚ аттестаттау авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті анықтау мақсатында өткізіледі.;"

6 - т а р м а қ т а ғ ы :

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстарды және өзге де авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына белгіленген үлгідегі куәлік береді.;"

8 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы»"заңнамада белгіленген тәртіппен" деген сөздер " заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару және атқыламаға қарсы

жұмыстарын және өзге де авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына берілген куәлік қайтарылып алынады немесе оның қолданылуы тоқтатыла
т ұ р а д ы . " ;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 893 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.08.2014 N 938 қаулыларымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі